

«Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының («Мемсараптама» РМК)
2016 жылғы «_» _____ № _____ бұйрығына
11-қосымша

**Тапсырыс беруші мен мемлекеттік сараптама ұйымы арасында
жасалатын ерекше реттеуді және (немесе) қала құрылысы
регламентациясын талап ететін арнайы объектілерді салуға арналған
жобалау-сметалық құжаттамасына ведомстводан тыс кешенді сараптама
жүргізуге
арналған үлгі шарт**

_____ к.

201__ жылғы «__» _____

Бұдан әрі «**Тапсырыс беруші**» деп аталатын _____ атынан
(*Тапсырыс берушінің толық атауы*)
_____ негізінде әрекет ететін _____, бір
тараптан және бұдан әрі «**Орындаушы**» деп аталатын _____,
(*Орындаушының толық атауы*)
атынан _____ негізінде әрекет
ететін _____ өзге тараптан, бұдан әрі екеуі бірге
«**Тараптар**» деп аталып _____
(*ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге өтінімді және ҚР заңнамасына сәйкес жұмыстарды сатып алудың өзге де негіздемелерін көрсету*) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 299 бұйрығымен бекітілген Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңаларын салуға, сондай-ақ бұрыннан бар үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамасына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар), _____ (бекітілгені туралы деректер) бекітілген Жеке жоспарға сәйкес осы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей туралы келісімге келді.

1. Шартта қолданылатын ұғымдар

1.1. Осы Шартта қолданылатын ұғымдарға мынадай түсінік беріледі:

1) «Портал» – ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу үшін техникалық-экономикалық негіздемелерді және жобалау-сметалық құжаттамасын ұсынуға арналған портал;

2) «Жеке кабинет» – техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамасына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге автоматты түрде өтінімдер беруге, сондай-ақ Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға арналған Порталдың негізгі модулі;

3) **Жеке жоспар** - сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы іске асыру функцияларын жүзеге асыратын сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның ведомствосы бекіткен ерекше реттеуді және (немесе) қала құрылысы регламентациясын талап ететін арнайы объектілерді салуға арналған жобалау-сметалық құжаттамасын кезең-кезеңмен әзірлеудің жеке жоспары.

2. Шарттың мәні

2.1. Тапсырыс беруші тапсырады, ал Орындаушы _____
(жұмыс жобасының атауын көрсету)

(бұдан әрі – Құжаттама) бойынша жергілікті және жиынтық сараптама қорытындыларын бере отырып, ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуді (бұдан әрі – сараптама жұмыстары) өзіне қабылдап алады.

2.2. Осы Шарт бойынша Тапсырыс беруші мен Орындаушының өзара әрекеттерінің рәсімдері мен операциялары Жеке кабинеттің көмегімен жүзеге асырылады.

«Мемсараптама» РМК филиалдарымен жасалатын шарттар үшін 2.3-тармағының редакциясы:

2.3 _____ филиалы сараптама жұмыстарын орындайды.

Қаржылық құжаттарды ресімдеу кезінде Тараптар Шарт бойынша сараптама жұмыстарын орындайтын филиалдың мына деректемелерін көрсетеді:

_____ Филиалы

Мекенжайы: _____

БСН: _____

ЖСН: _____

БСК: _____

3. Шарт бағасы және төлем тәртібі

3.1. Тапсырыс беруші Шарттың 2.1-тармағында көрсетілген сараптама жұмыстары үшін Орындаушыға _____ % ҚҚС-н _____ теңгені, оның ішінде:

сараптама жүргізудің бірінші кезеңінің құны _____

сараптама жүргізудің екінші кезеңінің құны _____

сараптама жүргізудің үшінші кезеңінің құны _____

сараптама жүргізудің соңғы кезеңінің құны _____ төлеуге міндеттенеді (бұдан әрі – Шарт бағасы).

* сараптама жүргізу кезеңдерінің саны Жеке жоспарға сәйкес анықталады.

3.2. Шарт бағасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 780 бұйрығымен бекітілген Объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама, сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі аумақтардың қала құрылысын жоспарлау жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау қағидаларына сәйкес анықталды.

3.3. Тапсырыс беруші Тараптардың уәкілетті өкілдері Шартқа қол қойған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Орындаушының есеп айырысу шотына ақшалай қаражатты аудару жолымен Шарт бағасының **100% (жүз пайызы)** мөлшерінде алдын-ала төлем жүргізуге міндетті.

Төлем тағайындаудағы төлем тапсырмасын ресімдеу кезінде төлеуге берген шот нөмірі мен Шарттың нөмірі міндетті түрде көрсетіледі.

Қазынашылықта тіркеуге жататын шарттар үшін 3.3-тармағының редакциясы:

«3.3. Шарт қазынашылықтың аумақтық органында бюджеттік бағдарлама: _____

кіші бағдарлама: _____

ерекшелігі: _____ бойынша тіркеуге жатады.

Тапсырыс беруші мынадай тәртіпте Орындаушының есеп айырысу шотына ақшалай қаражатты аудару жолымен:

1) Шартты қазынашылықтың аумақтық органында тіркелген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Шарт бағасының 30% мөлшерінде аванстық төлем;

2) Тапсырыс беруші қалған соманы факті бойынша және бұрын төленген авансты теңбе-тең ұстап қалуын ескере отырып, Тараптар орындалған жұмыстар актісіне қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей төлейді.

Төлемге қажетті құжаттар:

1) қазынашылықтың аумақтық органында тіркелген Шарт;

2) орындалған жұмыстар актісі;

3) Орындаушы Тапсырыс берушіге берген орындалған жұмыстардың жалпы сомасы көрсетілген сипаттамасы бар шот-фактура.

Төлем тағайындаудағы төлем тапсырмасын ресімдеу кезінде төлеуге берген шот нөмірі мен Шарттың нөмірі міндетті түрде көрсетіледі.

3.4. Егер алдын-ала төлем Шарттың 3.3-тармағында белгіленген мөлшерде және мерзімдерде Орындаушының есеп айырысу шотына аударылмаған жағдайда, осы Шарт күшіне енбеген болып саналады.

Бұл ретте, Орындаушы Тапсырыс берушіге Құжаттаманы қарамастан қайтарады.

3.5. Шарт бағасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзгеруі мүмкін.

4. Тараптардың міндеттері мен құқықтары

4.1. Тапсырыс беруші:

1) Құжаттаманы Жеке жоспарға және мемлекеттік нормативтерге сәйкес жинақтылығы мен құрамы бойынша сараптама жұмыстарын жүргізу үшін ұсынуға;

2) Құжаттаманың әрбір кезеңдері бойынша ескертпелер берген күннен бастап **10 (он) жұмыс күнінен** аспайтын мерзімде Құжаттама бойынша сарапшылардың дәлелді ескертпелерін жоюға;

3) Орындаушының сауалы бойынша ол көрсеткен мерзімдерде Құжаттама бойынша қажетті материалдар мен ақпаратты ұсынуға;

4) Жеке кабинеттің көмегімен Құжаттама бойынша сараптама жұмыстарының барысына тұрақты (күнделікті) мониторинг жасауды қамтамасыз етуге;

5) осы Шартта және Жеке жоспарда белгіленген тәртіпте және мерзімдерде олардың тұжырымдарына қарамастан жергілікті және жиынтық сараптама қорытындыларын қабылдап алуға;

6) оң сараптама қорытындысын алған мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын құрылыс объектілері бойынша Құжаттама бекітілгеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Құжаттаманың бекітілгенін растайтын құжатты Орындаушыға жіберуге;

7) Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген және Шарттың ережелерінен туындайтын міндеттемелерді орындауға **міндетті**.

4.2. Тапсырыс берушінің:

1) Орындаушыдан осы Шартқа сәйкес міндеттемелерін адал және тиісінше орындауын талап етуге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген әрекеттерді жасауға **құқығы бар**.

4.3. Орындаушы:

1) Тапсырыс беруші жинақталған Құжаттаманы ұсынған күннен бастап **20 (жиырма) жұмыс күнінен** кешіктірмей Құжаттаманың әрбір кезеңі бойынша сарапшылардың дәлелді ескертпелерін беруге;

Бұл ретте Тапсырыс беруші аванс төлемі бойынша міндеттемені орындаған күннен келесі күннен бастап **20 (жиырма) жұмыс күнінен** кешіктірмей Құжаттаманың бірінші кезеңі бойынша ескертпелер беру жүргізеді;

2) Құжаттама бойынша сараптама жұмыстарын Қағидаларға және Жеке жоспарға сәйкес жүргізуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Құжаттама бойынша құпиялылықты сақтауға және коммерциялық құпияны қамтамасыз етуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Құжаттаманы сарапшылардың қарауы бойынша істің ағымдағы жағдайы туралы деректерді Орындаушының интернет-ресурсына орналастыруға;

5) экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік бөлігіне салалық сараптамалар нәтижелерін қоса алғанда) сараптама жұмыстарының нәтижелері бойынша Қағидалар мен Жеке жоспарға сәйкес жергілікті және жиынтық сараптама қорытындыларын беруге;

6) Құжаттама бойынша сараптама жұмыстарын жүргізгеннен кейін оң сараптама қорытындысы берілген жағдайда, Құжаттаманың тиісті бөлімдеріне (бөліктеріне) жауапты сарапшылар электрондық-цифрлық қолтаңбасын қойып куәландыруға;

7) оң сараптама қорытындысын алған мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын құрылыс объектілері бойынша Құжаттаманың бекітілгенін растайтын құжатты Тапсырыс берушіден алғаннан кейін осы Құжаттаманы «Мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын объектілердің құрылысына жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының Бірыңғай мемлекеттік электрондық банкін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 қарашадағы № 705 бұйрығына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның ведомствосы қалыптастыратын Бірыңғай электрондық банкке беруге;

8) Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға міндетті.

4.4. Орындаушының:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Тапсырыс берушіден Құжаттама бойынша қажетті материалдар мен ақпараттарды сұратуға және алуға;

2) Тапсырыс беруші жергілікті және жиынтық сараптама қорытындыларының тұжырымдарында ескертілген шарттарды (талаптарды) орындамаған кезде «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының 64-8-бабының 2-тармағы 3) тармақшасына сәйкес бұрын берілген оң сараптама қорытындысын кері қайтарып алуға;

3) осы Шартта белгіленген тәртіпте Шартты бұзуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген әрекеттер жасауға құқығы бар.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттер

5.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында сыбайлас жемқорлықты ескерту және жемқорлықпен күрес ісінде ынтымақтастықта болуға жауапкершілік алады.

5.2. Шарттың 5.1-тармағын орындау мақсатында, Тараптар өздеріне:

1) сыбайлас жемқорлық жағдайларын туғызатын құқық бұзушылық, құқыққа қайшы мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуына байланысты сыйбайлас жемқорлық жасағанмен бірдей болатын құқық бұзушылық жасамауға;

2) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес олардың өкілеттігі мен міндеттерінен туындайтын шаралар қабылдауға және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын анықтаудың барлық жағдайлары туралы мәліметті бір-біріне тез арада хабарлауға міндеттеме қабылдап алады.

6. Ерекше жағдайлар

6.1. Құжаттама бойынша сараптама жұмыстары барысында салалық сараптамалар:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшесі немесе мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу мәселелеріндегі олардың құзіреті шегінде жергілікті атқарушы органдар;

2) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшелері жүргізеді.

6.2. Құжаттама бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген салалық сараптама жүргізу мерзімдері бұзылған жағдайда, Орындаушы Қағидаларда белгіленген мерзімнен кешіктірмей, салалық қорытындыларды белгіленген мерзімде ұсынбағандарын қоспағанда, Құжаттама бойынша сараптаманың (жергілікті, жиынтық) сараптама қорытындысын береді.

6.3. Жеке жоспарға сай келмейтін Құжаттаманы сараптамаға ұсынған жағдайда Орындаушы Құжаттаманы қарамастан қайтарады.

7. Шартты бұзу

7.1. Құжаттама бойынша сараптама жұмыстарын жүргізу барысында Орындаушының келешекте қаралып отырған Құжаттама бойынша сараптама қорытындысын ресімдеуі және беруі, сондай-ақ Тапсырыс берушінің (салалық сараптамалардың жергілікті қорытындыларының нәтижелерін ескере отырып) оны алуы мақсатсыз болуына байланысты жағдайлар туындағанда, Тапсырыс беруші Орындаушыға сараптаманы тоқтату қажеттілігі туралы Тапсырыс берушінің осындай шешімінің негізділігін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, ресми өтініш жолдайды.

7.2. Тапсырыс беруші сараптаманы тоқтату қажеттілігі туралы Орындаушыға негізделген өзгерістер жағдайында ресми өтініш жібереді (бөлек-бөлек немесе барлығын бірге):

жобалауға арналған тапсырмасы;

бастапқы құжаттарды (материалдарды, деректерді), оның ішінде жер учаскесін беру (орналасқан орны немесе шегі) туралы акті, инженерлік тіршілік көзін қамтамасыз ету жүйесіне қосуға арналған инженерлік іздестірулер мен техникалық шарттар нәтижелері, олардың параметрлері мен талаптары;

жобаланатын объектінің аумағы айналасындағы бекітілген бөлшектеп жоспарлау жобаларында және (немесе) құрылыс салу жобаларында қала құрылысы шешімдерін қайта қарауға байланысты сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жергілікті атқарушы органның сәулет-жоспарлау тапсырмасының шарттары мен талаптары;

Тапсырыс берушінің жоспарланған объектінің құрылысын салудан бас тарту туралы дәлелді шешімі.

7.3. Тапсырыс берушінің растайтын құжаттары қоса берілген сараптаманы тоқтату қажеттілігі туралы өтінішін тіркегеннен кейін Орындаушының ақпараттық жүйесінде автоматты түрде осы Құжаттама бойынша салалық сараптамаларды жүзеге асыратын қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдардың орталық немесе аумақтық бөлімшелеріне, ведомстволарына келекшеkte сараптама жүргізу орынсыздығы туралы хабарлама жасалады және жіберіледі.

7.4. Салалық сараптамаларды жүзеге асыратын қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдардың орталық немесе аумақтық бөлімшелері, ведомстволары Орындаушыдан ақпараттық жүйенің көмегімен тиісті хабарламаны алған күннен бастап салалық сараптама жүргізуді тоқтатады және 3 (үш) жұмыс күні ішінде Орындаушыға сараптаманы тоқтату бойынша құжаттарды ресімдеу үшін жеткілікті ақпараты бар орындалған жұмыс туралы есепті ұсынады.

7.5. Олардың Құжаттама бойынша орындаған жұмысы туралы салалық сараптамалардың ұсынған есептері негізінде Орындаушы мен Тапсырыс беруші орындалған жұмыс актісін жасай отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен белгіленген тәртіпте Шартты бұзуды ресімдейді.

7.6. Бұл ретте Орындаушы Шартты бұзу кезінде Орындаушы жасаған есеп бойынша Орындаушы нақты орындаған жұмыс құнын шегеріп, төленген Шарт бағасының бөлігін Тапсырыс берушіге қайтарады.

7.7. Орындаушы теріс жергілікті сараптама қорытындысын берген жағдайда Шарт бойынша өзінің өзге құқықтарына нұқсан келтірместен Шарттан бас тарту жолымен бір жақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

7.8. Шарт Шарттың 7.6-тармағына сәйкес бұзылған жағдайда Тараптар келесі әрекеттерді орындайды:

1) Орындаушы Шартты бұзу күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіні осы туралы жазбаша ескертеді;

2) Тапсырыс беруші Шартты бұзу туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні өткен соң Шарт бұзылды деп саналады;

3) Шарт бұзылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Тараптар Шарт бойынша өзара есеп айырысады.

8. Жұмыстарды қабылдау және тапсыру тәртібі

8.1. Орындаушының жергілікті және жиынтық сараптама қорытындыларына тіркеу нөмірін берген күні Құжаттама бойынша сараптама жұмыстарын аяқтаған күн болып табылады.

8.2. Орындаушы Құжаттаманың тиісті кезеңіне сараптама жұмыстарын аяқтаған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші үшін орындалған жұмыс актісін 2 данада және шот-фактураны ресімдейді.

8.3. Тапсырыс беруші орындалған жұмыс актісін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оған қол қоюға және оның 1 (бір) данасын Орындаушыға қайтаруға міндетті.

8.4. Жергілікті және жиынтық сараптама қорытындыларын беру Тапсырыс беруші орындалған жұмыс актісіне қол қойғаннан және оны Орындаушыға бергеннен кейін Порталдың көмегімен жүзеге асырылады.

Қазынашылықта тіркеуге жататын шарттар үшін 8.4 -тармағының редакциясы:

8.4. Жергілікті және жиынтық сараптама қорытындыларын беру Тапсырыс беруші орындалған жұмыс актісіне қол қойғаннан және оны Орындаушыға бергеннен, сондай-ақ Тапсырыс беруші сараптама жүргізудің тиісті кезеңіне төлемі бойынша міндеттемені толық көлемде орындағаннан кейін Порталдың көмегімен жүзеге асырылады.

9. Кепілдіктер

9.1. Тапсырыс беруші Құжаттаманы әзірлеуге негіз болып табылатын бастапқы құжаттардан тұратын ақпараттың дұрыстығына кепілдік береді.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес Тапсырыс беруші жоғарыда көрсетілген кепілдікке толық жауаптылықта болады.

10. Форс-мажор

10.1. Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындау тежеусіз күш жағдаяттарының, яғни, осы жағдаяттар кезіндегі төтенше және шарасыз жағдайлар – табиғи құбылыстар, әскери іс-қимылдар және т.б. (форс-мажор) салдарынан мүмкін болмаса, Портал және электрондық ақпараттық жүйе техникалық себептермен қол жетімсіз болған жағдайда Тараптар жауапкершіліктен босатылады.

Бұл ретте форс-мажор жағдаяттарына сілтеме жасаушы Тарап Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындау форс-мажор жағдаяттарының салдарынан мүмкін болмағандығын және ол Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қабылдағанын дәлелдеуі тиіс.

10.2. Егер Тапсырыс берушінің немесе Орындаушының еркінен тыс тежеусіз күш жағдаяттары Шарттың орындалуын бұзса, Тараптар жазбаша

түрде Шартты тоқтатуды куәландырады. Тапсырыс беруші Орындаушыға Шартты тоқтату күніне дейін орындалған жұмыс көлемі үшін төлем жүргізеді.

10.3. Егер Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген жағдаяттар 1 (бір) айдан астам орын алатын болса, Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы. Бұл ретте, Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарт ережелеріне сай төленген соманы Шарт бойынша өзі орындаған жұмыс құнын шегеріп қайтарады.

11. Тараптардың жауапкершілігі

11.1 Тапсырыс беруші Орындаушыдан Құжаттамаға сараптама жүргізу мерзімін бұзғаны үшін, оның кінәсінен жіберілген, міндеттемелерді толық орындаған кезге дейін әрбір кешіктірілген күн үшін Шарт бағасының 0,1%-ы мөлшерінде айыпақы (өсімақы) өндіріп алуға құқылы, бірақ ол Шарт бағасының 10%-нан аспауы тиіс.

11.2. Тапсырыс берушінің Орындаушыға Құжаттама бойынша салалық сараптамалар жүргізу мерзімі мен сапасын бұзғаны үшін жауаптылық шараларын қолдануға құқығы жоқ.

11.3. Орындаушы Тапсырыс берушіден Шарт бойынша міндеттемелерін бұзғаны үшін міндеттемелерін толық орындаған кезге дейін әрбір кешіктірілген күн үшін Шарт бағасының 0,1%-ы мөлшерінде айыпақы (өсімақы) өндіріп алуға құқылы, бірақ ол Шарт бағасының 10%-нан аспауы тиіс.

11.4. Айыпақы (өсімақы) төлеу Тараптарды осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

11.5. Тапсырыс берушінің Жеке кабинеттің көмегімен сараптама жұмыстарының барысына тұрақты (күнделікті) мониторинг жасау міндеттемесін орындамауы оны уақытында орындамағанмен тең, Шарт бойынша міндеттемені бұзғаны үшін одан жауапкершілік алынбайды.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шарт бойынша Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер немесе оларға байланыстылар олардың арасында келіссөзге келу жолымен шешіледі. Шартқа сәйкес бір тараптың өзге Тарапқа жіберетін кез-келген хабарламасы ақысы төленген тапсырыстық хатпен немесе телеграф, телекс, факс, телефакс немесе Порталдың көмегімен жіберіледі.

12.2. Келіспеушіліктерді келіссөзге келу жолымен шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар Орындаушының орналасқан жері бойынша сотта қарауға жатады.

13. Қорытынды ережелер

13.1. Шарт бірдей заңдық күші бар қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

13.2. Шарт Тараптардың уәкілетті өкілдері оған қол қойған және Шартта белгіленген мөлшерде және мерзімдерде Тапсырыс беруші Орындаушының есеп айрысу шотына алдын-ала төлем енгізген күннен бастап күшіне енеді.

Шарт Тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

Қазынашылықта тіркеуге жататын шарттар үшін 13.2 - тармағының редакциясы:

«13.2. Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі қазынашылығының аумақтық бөлімшесінде тіркегеннен және Тапсырыс беруші Шартта белгіленген мөлшерде және мерзімдерде Орындаушының есеп айрысу шотына аванстық төлем енгізгеннен кейін күшіне енеді.

Шарт _____ жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.».
(қаржылық жылын көрсету)

13.3. Осы Шарттың кез-келген өзгерістері мен толықтырулары Шарт жасалған нысанда жасалады.

13.4. Мына қосымшалар:

1-қосымша – сараптама жұмыстары құнының есебі;

2-қосымша – Жеке жоспар;

3-қосымша – техникалық ерекшелік (мемлекеттік сатып алу жүйесінің субъектілері үшін) осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады

14. Тараптардың заңды мекенжайлары және банктік деректемелері